

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі
Семей Мемлекеттік Медицина Университеті
Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Бет-жақ аймағының патологиясы және оның ішкі ағза ауруларының пайда болуындағы рөлі


Семей қ., 2018 ж.

Жоспар:

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім:
 - 2.1. Ауыз қуысының ең жиі тараған аурулары;
 - 2.2. Тіс және оның маңындағы жұмсақ тіндердің ішкі ағзалармен байланысы
3. Қорытынды;
4. Пайдаланылған әдебиеттер.

Кіріспе:

Стоматология мамандығы өз алдына жеке болса да, ауыз қуысындағы болатын аурулар, тіс жақ аймағының сынығы, тіл- ерін аймағының қабынуының ішкі аурулардағы рөлі өте зор.



Тіс жақ ақауының ас қорыту жүйесіндегі рөлі

Адамның ауыз қуысында 32 тіс бар, солардың әрқайсысының өзіндік атқаратын жұмыстары бар. Мысалға: үлкен азу тістердің қызметі асты шайнау. Тілдікі сілекеймен шылау. Күрек тістер үзіп алу, кесу жұмыстарын атқарады.



Тіс жақ ақауының адам ағзасының жетілуіндегі рөлі

Жаңа туған нәрестелерді анасы өзінің сүтімен өсіріп жетілдіреді, егерде анасында сүт болмаса жаңа туылған нәрестеге әр түрлі жасанды сүт береді, нәресте ана сүтінің құнарлығын көрмей өседі. Бұл жердегі екі жағдайда да сәби өсіп жетіледі бірақ жасанды сүт ішкен сәбидің жетілуінде қалушылық болады. Бойы, салмағы, ой санасы, тілінің шығу қалып отырады.




Жаңа келтірілген мысал сияқты Е.И.Синельников пен Е.П. Молдовский деген зерттеушілер ауыз қуысының рөлі адам ағзасының жетілуіндегі маңыздылығын күшіктерге тәжірибе жасап дәлелдеген. Олар екі топ күшіктерді алған, бірінші топқа тамақты ыдысқа құйып берген, ал екінші топқа асқазанға фустула арқылы тамақ берген. байдан соң қарағанда бірінші топтағы күшіктерден екінші топтағы күшіктердің бойынан, салмағынан сондай ақ тіс-жақ аймағындағы өзгерістерді көрген.

Ауыз қуысының ең жиі тараған аурулары:


- Тіс жегісі
- Гингивит
- Тістердің пигментациясы
- Пародонтит
- Пародонтоз

Легкие




Толстая кишка


Печень



Желчный пузырь



Ухо



Мочевой пузырь

Почки

Желудок



Поджелудочная железа

Селезенка


Тіс жақ ақауының жүрек қан тамыр жүйесімен байланысы

Ауру тістер мен қызыл иек жүрек ишемиясының дамуына, миокард инфаркты және инсультке себепкер болатынын ғалымдар дәлелдеген. Пародонтпен ауыратын адамдардың жүрек жетімсіздігіне ұшырау қаупі 2 есе көп! Пародонттағы бактериялар қанға сіңіп, қан тамырлары қабырғаларының қабынуына әкеліп, қанның ұюына себеп болуы мүмкін. Ал ұйыған қан саңылауларын бітеп, жүрек-қан тамырлары ауруларының дамуына әсер етуі мүмкін.

Асқазан-ішек жолдары аурулары

Ауру тістер тағамды асқазан-ішек жолында дұрыс қорытылатындай етіп, ұсақтап шайнауды қамтамасыз ете алмайды. Егер тісіңіз, қызыл иегіңіз ауыратын болса және тағамды мұқият шайнауға мүмкіндігіңіз болмаса, асқазанға қосымша салмақ түседі, ал бұл тағы бір ауруға себеп болады. Пародонтиттің де, асқазан-ішек жолдары ауруларының да жалпы даму механизміне қабыну мен иммундық реакция тудыратын микроағзалар себеп болады. Созылмалы гастрит, асқазанның ойық жарасы, ұлтабардың ойық жарасы, панкреатит – бұл ауыз қуысының ауруларынан туындаған асқазан-ішек жолдары ауруларының бір бөлігі ғана.

Егерде тістерде терең кариес болып емдеуге келмей
жұлынған я болмаса жарақат алып, тістер қатары
түскен болса қатты тағамдар шайналмай жұтылып
өңешті зақымдап, орнында ісік пайда болуы мүмкін.



Қант диабеті

Ғалымдардың көбі пародонттың қабынып ауруы кезінде қандағы қант деңгейі көтерілетінін айтады. Қант диабетімен ауыратын адамдар пародонтиттен емделген соң уақыт өте келе қандағы қант деңгейі қалыпқа келгені анықталған. Жағдайын қалыпқа келтіру үшін диабетпен ауыратындар негізгі аурудың емдік шараларын жасап қана қоймай, қажет болса пародонтологиялық емдік шараларды жасауы тиіс.

Жүктілік

Жүктілік кезіндегі әйел ағзасындағы гормоналды өзгерістер қабыну мен қызыл иектің қанауын тудыруы мүмкін. Жүкті әйелдің тісіндегі инфекциялар ұрыққа теріс әсер етіп, түсік тастауға себеп болуы мүмкін. Пародонт аурулары ерте босану қаупін 7 есеге арттырады!

Әр адамда тіс сауытының табиғи түсі әртүрлі болып келеді. Бірақ кейде тістердің түсі адамның денсаулығы жайлы көрініс бере алады.



Тіс кіреукесі сары түстес- өт шығару жолдарының қызметінің бұзылысы. Көп жағдайда осындай тістер темекі тартатын адамдарда кездеседі. Иммунитет тапшылығында тіс кіреукесі қоңырлау түске дейін барады.


Ашық сарғыш түс гемоглобині төмен адамдарда болады. Тіс тіндерінде минералдардың жетіспегенде кіреуке сүт түстес келеді. Бұл сонымен қатар қалқанша безінің белсенділігін көрсетеді.

Ерте бала жаста минералдардың жетіспеуі салдарынан тістерде сұр және сары дақтардың пайда болуына әкеп соғады. Бұл белгі сонымен қатар жүктілік кезде антибиотиктерді қабылдау нәтижесінде болады. Мысалы, тетрациклин.

Сонымен қатар, тиреотоксикоз салдарынан тістердің қатты тіндерінің эрозиясы қалыптасады.

Қорытынды:

Ауыз қуысының жағдайы – ішкі мүшелердің саулығының көрінісі.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғаламтор желісі:
<https://yandex.kz/images/search?text=%>
2. В.И.Маколкин (Ішкі аурулар)2011жыл



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!